

Конструкторлық құжат



- Конструкторлық құжат [\[1\]](#) (Конструкторский документ)
—
- [Графикалық](#) және мәтіндік құжаттар, ол бұйымды жасауға, дайындауға, қадағалауға, қабылдауға, пайдалануға және жөндеуге қажетті мәліметтерден тұрады. Конструкторлық құжатқа [сызбалар](#), жинақтау бұйымдарының тізімі, [сұлбалар](#), есептеулер, түсіндірме жазбалар, [техникалық шарттар](#) және т.б. жатады. Конструкторлық құжаттың түрлері және жинақтаулары стандартпен қадағаланған, ал орындау (рәсімдеу) — [ережелері](#) Конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесіне келтірілген;
- Бұйымдарды жасап дайындауға, бақылау және пайдалануға қажетті [акпараттары](#) бар мәтінді және графикалық құжаттар.

- **Графикалық конструкторлық құжат**(Графический конструкторский документ) — конструкторлық құжаттардың бір бөлігі, ол сызбалардан, сұлбалардан, аксонометриялардан және т.б. тұрады.
- **Жобалау конструкторлық құжат**(Проектный конструкторский документ) — конструкторлық құжаттардың жиынтығы, ол негізгі өндіріс бұйымдарын жасап шығару және олардың құрылымы жайында қажетті мәліметтер береді, сондай-ақ келесі кезеңдегі жұмыстық, конструкторлық құжат жасау үшін қолданылады.
- **Жұмыстық конструкторлық құжат**(Рабочий конструкторский документ) — бұл құжат бойынша бұйымдардың үлгісі жасалады немесе өндіріледі.
- **Мәтіндік конструкторлық құжат**(Текстовый конструкторский документ) — конструкторлық құжаттардың бір бөлігі, сипат-тізімдерден, есептеулерден, сипаттамалардан, кестелерден, түсіндірме жазбалардан және т.б. тұрады.